

ӘОЖ 613.865 - 057.875

А.А. Касымова

Семей қаласының Мемлекеттік медицина университеті,  
Тағамтану және гигиеналық пәндер кафедрасының магистранты**ӘРТҮРЛІ ОҚЫТУ ҮЛГІЛЕРİNДЕГІ СТУДЕНТТЕРДІҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ МЕН ОҚУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ ГИГИЕНАЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ****Аннотация**

Жоғарғы мектепке жаңа білімдік технологиялар мен әдістерді, көң педагогикалық жаңартпаларды енгізу дегеніміз - бағдарламалардың, дәстүрлі әдістемелердің және оқыту тәртібінің өзгеруімен қатар жаңа техникалық, аудиовизуалдық және басқа да оқыту тәсілдерін қолданылуы. Бұл оқыту және тәрбие жұмысын ұйымдастыруға зор ықпал етеді және оқушылардың денсаулығына әсер ететін жаңа қауіп факторларының пайда болуына әкеп соғуы мүмкін.

**Кілтті сөздер:** студенттердің ойлау қабілеттілігі, оқу бағдарламасы, кредиттік оқу технологиясы, сызықтық оқыту жүйесі.

Европаның және басқа елдердің медициналық жоғарғы оқу орындары мен факультеттері ұзақ талқылау нәтижесінде Болон процессінің жоғарғы медициналық мектептердің дамуына қолайлы және мақсатты деп санайтын бағыттарын анықтады. 2010 жылы Будапештте Қазақстанның Болон декларациясына қосылу туралы нақты шешім қабылданды. Қазақстан – Европаның білім кеңістігінің толық құқылы мүшесі ретінде танылған алғашқы Орта Азия мемлекеті. Бұл - шығару біліктілігін мойындату, академиялық мобильділікті дамыту, кредиттік жүйе мен білім сапасын басқару жүйесін енгізу дегеніміз. Мұның бәрі профессорлық-оқытушылар құрамымен қоса білім алушыларға да қосымша талаптар қояды.

Студент дегеніміз - жүйке-эмоционалды күш салу және әлеуметтік қорғаныссыздық сияқты факторлардың әсеріне көбіне сезімтал келетін ерекше әлеуметтік топ. Болашақ медицина мамандарын кәсіби қызметке сәтті дайындау дегеніміз олардың психозмоционалды мүмкіндіктеріне, тұлғалық қасиеттеріне жоғары талап қою деп білеміз. Оқу үрдісі жүктемелері жеткіншектердің психозмоционалды дайындық деңгейіне сай келмейді. Сонымен қатар олардың денсаулық деңгейі, функционалды резервтері есепке алынбайтыны анық [1].

Оқыту үрдісіне жаңа технологиялар мен стандарттарды енгізу қоғамдық денсаулықты қалыптастырудағы бар және жаңа жағымсыз тенденциялардың күшейуіне әкелетіні мәлім [2]. Сонымен қатар жастардың денсаулық жағдайын бағалау бойынша жүргізілген көптеген зерттеулер нәтижесі бойынша студенттердің өмір сапасының төмендеуі, аурушаңдықтың жоғарлауы, физикалық дамуының және жалпы денсаулық жағдайларының нашарлауы байқалады [2,3,4,5,6].

**Мақсаты:**

Семей қ. ММУ студенттерінің білім алу жағдайын гигиеналық-физиологиялық бағалау.

**Міндеті**

Оқу жылының барысында сызықтық оқыту жүйесімен және кредиттік оқыту технологиясымен оқитын тәлімгерлердің ойлау қабілеттілігіне салыстырмалы сипаттама беру және студенттер ағзасының функционалды жағдайын анықтау.

**Зерттеу әдістері**

Берілген ЖОО іске асырылып жатқан оқу бағдарламасының (сызықтық оқыту жүйесі және кредиттік оқыту технологиясы) талдамын жүргіздік. Студенттердің ойлау қабілеттілігінің деңгейін анықтау үшін дозалы корректуалық тапсырмалар әдістемесі (Анфимов кестесі және Лондольт сақиналары бар кесте бойынша) қолданылды. Зерттеу оқу жылының барысында 400 білім алушыға жүргізілді. Дифференциялық қоздырғышқа көрсететін реакцияның сипаты мен жасырын уақытты анықтауға негізделген хронорефлексометрия пайдаланылды. Қан-тамыр жүйесіне оқу жүктемесінің әсерін жүректің соғу жиілігімен, артериалдық қысым көрсеткішімен анықтадық.

**Зерттеу нәтижелері**

Сызықтық оқыту жүйесі кезіндегі тұлғаның белгілі бір ынталы және міндетті оқу бағдарламасының талабына немесе оқу нормативтеріне сай білімі мен мүмкіндіктерін күштеу жоғары уәждемені қалыптастырмайтыны белгілі. Сонымен қатар, білім алушылардың өз бетімен пән таңдау мүмкіндіктерінің жоқ болуы жалпы білімдік дайындықты кеңейтіп, толықтыруға және де болашақ медициналық мамандықтың бағытын қалыптастыруға жағдай туғызбайды. Осының бәрі білімнің дифференциациялануына, оқушының ақпаратты қабылдаудың өзіндік тәсіліне, яғни бір жағынан білім алушының қызығушылығы мен мүмкіндіктерінің дамуына, екінші жағынан оның тұлғалық денсаулығын сақтауға кедергі жасайтыны анық.

Заманауи жоғарғы мектепке қойылған талаптарға сай зерттелініп отырған білім мекемесінде сызықтық оқыту жүйесімен қатар біртіндеп кредиттік оқу технологиясына көшу іске асып жатыр. Өзінің теориялық негізінде бұл бағыт заманауи білім концепциясына толық сай келеді. Себебі, тұтынушы деңгейін, тұлғаның қабілеттілігі мен мүмкіндігін есепке алатын оның сипатты ерекшелігі болып оқу вариациялылығы табылады. Бұл студенттің индивидуальді қарқынмен жұмыс істеуіне жағдай тудырумен қол жетімді болып келеді және өз бетімен оқу-танымдық қызметке қажетті уәждемені қалыптастыру сияқты мақсатты көздейді.

Оқу жылы барысындағы ойлау қабілеттілік динамикасының талдамы бойынша ойлау қабілеттілігінің барлық көрсеткіштері кредиттік оқу

технологиясында біртіндеп жоғарылағанын көрсетеді, ал сызықтық оқыту жүйесімен оқитын факультеттер студенттерінің ойлау қабілеттілігінің жылдық

динамикасында олардың ойлау қабілеттілігі оқу жылының соңына қарай төмендеуімен сипатталды. (кесте 1)

Кесте 1.

Әр түрлі оқу түрі кезіндегі студенттердің зейін концентрациясының орташа көрсеткіштері (А и Р), көру ақпаратының көлемі (Q) және оны өңдеу жылдамдығы (S).


Көрсеткіштер	Семестр	Оқу түрі	
		Кредитті оқыту технологиясы	Сызықты оқыту жүйесі
Тапсырман орындаудың нақтылық коэффициенті	1 семестр	0,93	0,94
	2 семестр	0,94	0,86
Ойлау өнімділігінің коэффициенті	1 семестр	1212	1218
	2 семестр	1225	1157
Көру ақпаратының көлемі	1 семестр	380	381
	2 семестр	390	175
Ақпаратты өңдеу жылдамдығы	1 семестр	1,67	1,70
	2 семестр	1,73	1,31

Орталық жүйке жүйесінің функционалды күшейту деңгейіне оқу жүктемесінің әсерін көру-моторлы реакцияның және сенсорлы-моторлы реакцияның латентті уақыты бойынша анықтадық. Бір жыл ішіндегі

сенсорлы-моторлы реакцияның латентті уақытындағы бағытының, интенсивті жылжуының талдамы бірбағыттылықты көрсеткенмен, әртүрлі шамамен сипатталды. (кесте 2.)

Кесте 2

Оқу жылы барысындағы студенттердің сенсорлы-моторлы реакциясының көрсеткіші.



Күні бойындағы, апта бойындағы зерттелінген қан-тамыр жүйесінің функционалды жағдайының көрсеткіштерінде айтарлықтай өзгерістер жоқ. Бұл

дегеніміз тәлімгерлердің қан-тамыр жүйесінің жеткілікті компенсаторлық мүмкіндігін дәлелдейді. (кесте 3.)

Кесте 3.

Студенттердің оқу жылы барысындағы гемодинамикалық көрсеткіштері (17—24 жас).

Гемодинамикалық көрсеткіштер	Күннің уақыты	Оқу түрі	
		Кредитті оқыту технологиясы	Сызықты оқыту жүйесі
Жүректің соғу жиілігі (соққы/с)	Басы	72	71
	Соңы	73	72
Систоликалық қысым	Басы	110	110
	Соңы	110	110
Диастоликалық қысым	Басы	75	80
	Соңы	70	75

Қорыта келгенде, сызықты оқу жүйесінде оқитын білім алушылардың ойлау қабілеттілігінің динамикасы кредиттік технология бойынша оқитын оқушыларға қарағанда жағымсыз сипатқа ие. Жылдың соңына қарай орталық жүйке жүйесінің қажуын барлық оқу түрінде байқадық, бұл қажу үрдісінің әртүрлі деңгейде дамып келе жатқанын аңғартады.

**Әдебиеттер:**

1. Ионова М.Х, Кенчешаов В.С., Койчуева А.С. Влияние адаптивной образовательно-оздоровительной среды на формирование потребности в здоровом образе жизни у молодежи. Научно-теоретический журнал. Научные проблемы гуманитарных исследований. - 2009. №11(1).-С.14-25

2. Баранов А.А., Кучма В.Р., Скоблина Н.А. Физическое развитие детей и подростков на рубеже ты-

сячелетий. - М.: Издатель Научный центр здоровья детей РАМН. - 2008. - 216 с.

3. Манюхин А.И., Кретова И.Г., Серебрякова Н.Б., Русанова М.Е. Влияние образовательного процесса на состояние здоровья учащихся. Вестник СамГУ – Естественно-научная серия. - 2007. №8(58) – С.153-160.

4. Аслоньянц А.М., Нефёдова Л.В., Нефёдов П.В. Структура заболеваемости студенток медицинских колледжей. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2009. № 6 - С. 26-27.

5. Блинова Е.Г. Качество и образ жизни студентов. Гастроэнтерология. - 2008. №6(46) - С. 73-75.

6. Онищенко Г.Г. Социально-гигиенические проблемы состояния здоровья детей и подростков // Гигиена и санитария. – 2001. №5. – С. 7-12.

**Резюме**

**СРАВНИТЕЛЬНАЯ ГИГИЕНИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА УЧЕБНЫХ ПРОГРАММ И РАБОТОСПОСОБНОСТИ СТУДЕНТОВ ПРИ РАЗНЫХ ФОРМАХ ОБУЧЕНИЯ**

**А.А. Касымова**

**Государственный медицинский университет города Семей,  
Магистрант кафедры питания и гигиенических дисциплин**

Динамика умственной работоспособности учащихся линейной системы обучения имеет менее благоприятный характер по сравнению со сверстниками обучающихся по кредитной технологии. К концу года угнетение функций центральной нервной системы мы наблюдали у студентов при обеих формах обучения, что свидетельствует о развитии процессов утомления разной степени.

**Ключевые слова:** умственная работоспособность студентов, учебная программа, кредитная технология обучения, линейная система обучения.

**Summary**

**COMPARATIVE HYGIENIC CHARACTERISTICS OF EDUCATIONAL PROGRAMS AND MENTAL CAPACITY IN DIFFERENT FORMS OF TRAINING**

**A.A. Kassymova**

**Semey State Medical University**

**Master of chair of nutrition and hygiene disciplines**

Dynamics of student's mental capacity of learning linear system has a less favorable character in comparison with their peers enrolling by the credit education technology. There is oppression of the central nervous system of the students in both forms of education. This is suggesting about the development of the fatigue processes of various degrees.

**Key words:** mental capacity, education program, credit education technology, linear learning system.